

Бекітілді
Басқармасының
Шешімімен
«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ,
хаттама № 1612
08 қыркүйек 2022
жылы (өзгерістер мен
толықтыруларымен
«Еуразиялық Сауда
Жүйесі» тауарлық
биржасы» АҚ
Басқармасының
шешімдеріне сәйкес
17.06.2025 ж. хаттама № 1733,
20.11.2025 ж. хаттама 1759)

Регламент
«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ-да биржалық
тауарлармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу

Осы «Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ-да биржалық тауарлармен жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу регламенті (бұдан әрі – Регламент) Биржалық сауда ережелерінің, өзге де заңнама талаптарына сәйкес әзірленген және биржадан тыс мәмілелерді тіркеу тәртібін, шарттарын, реестрді жүргізу тәртібін, сондай-ақ биржадан тыс индикаторларды есептеу мен жариялау тәртібін айқындайды.

1-бөлім. Терминдер, анықтамалар, қысқартулар

1. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Биржа	«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» акционерлік қоғамы
Биржалық тауардың Сатушысы	биржалық тауарға меншік құқығы одан екінші тарапқа өтетін биржадан тыс мәмілені жасасқан тұлға.
биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәміле	биржалық тауарды өткізу бойынша нарық қатысушысы өз бетінше жасасқан бір реттік шарт және (немесе) ұзақ мерзімді келісімшарт шеңберіндегі жеке келісім негізінде жасалған мәміле.
биржадан тыс индикатор	Биржа осы Регламентте белгіленген тәртіппен тиісті тауар коды бойынша тіркелген биржадан тыс мәмілелердің орташа өлшенген мәні деңгейінде есептейтін тіркелген биржадан тыс мәмілелер бағаларының жиынтық индикаторы.
ЕСЖ Клирингтік орталығы	Биржада жасалатын биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысу-клирингтік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын «ЕСЖ Клирингтік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Биржалық сауда ережелері	ҚР биржалық тауар нарығын реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен және Биржаның www.ets.kz интернет-ресурсында орналастырылған қолданыстағы Биржалық сауда ережелері.
---------------------------------	--

биржадан тыс мәмілелерді тіркеу	Биржалық тауардың Сатушысы тарапынан биржалық тауармен жасалған биржадан тыс мәміле туралы мәліметтерді электронды сауда жүйесіне енгізу.
--	---

Регламентте пайдаланылатын өзге де анықтамалар мен терминдер ҚР «Тауар биржалары туралы» Заңына, Биржалық сауда ережелеріне, ҚР өзге де заңнамасына, Биржаның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес түсіндіріледі.

2-бөлім. Жалпы ережелер

2. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу Биржамен Биржалық сауда ережелеріне, заңнаманың өзге де талаптарына сәйкес жүргізіледі.
3. Биржаның сауда секцияларында сатылатын биржалық тауарлармен жасалған биржадан тыс мәмілелер Биржада тіркелуге тиіс.
4. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеуді Биржалық тауардың Сатушысы жүзеге асырады:
 - 1) дербес – дилер ретінде аккредитациясы болған және өтініш берушінің брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарты болмаған кезде;
 - 2) брокер арқылы – өтініш берушінің Биржаның брокерімен жасалған брокерлік қызмет көрсету шарты болған кезде.
5. Биржаның сауда жүйесінде биржадан тыс мәмілелерді тіркеу деректерді автоматтандырылған беру жолымен жүзеге асырылады.
6. Биржада биржадан тыс мәмілені тіркеу сатушы үшін ешқандай шығынды білдірмейді және Биржамен тегін жүргізіледі.
7. Биржадан тыс мәмілелер Биржаның сауда жүйесінде кезекті күнтізбелік айлар бөлінісінде тіркеледі.
Биржадан тыс мәміле екі және одан да көп айда жеткізуді көздейтін жағдайда, күнтізбелік ай жеткізу шарттарына байланысты айқындалады.
8. Биржада биржадан тыс мәмілені тіркеуді Биржалық тауардың Сатушысы тауарды жеткізу күнінен кешіктірмей он жұмыс күні ішінде жүргізеді.
Бұл ретте тауарды жеткізу күні, биржадан тыс мәмілені жасасу нөмірлері мен күндері туралы мәліметтер сауда жүйесіне «Птаужеткізу_БМ№123456789мәмілекүні» (30 таңбадан аспайтын) мынадай шартты белгілеулер пайдаланыла отырып енгізіледі:
«П» – тауарды жеткізу;
«тауарды жеткізу күні» – биржадан тыс мәміле (шарт) шарттарына сәйкес жеткізу күні.
биржадан тыс мәміленің (шарттың) мөлшерлері. ДДАА20ЖЖ форматында көрсетіледі;

«БМ№» – биржадан тыс мәміле (бір реттік шарт және (немесе) ұзақ мерзімді келісімшарт шеңберіндегі жеке келісім);
«NNNNNNNNN» – шарт нөмірі (биржадан тыс мәміле), 9 таңбадан аспайды;
«мәмілекүні» – биржадан тыс мәмілені жасасу күні (бір реттік шарт және (немесе) ұзақ мерзімді келісімшарт шеңберіндегі жеке келісім).

9. Биржаның сауда жүйесінде биржадан тыс мәмілені тіркеу биржалық мәміле болып табылмайды.

10. Биржа тіркелген биржалық мәміле бойынша ақпаратты алдын ала жазбаша келісімсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

11. Биржада тіркелетін биржадан тыс мәмілелер бойынша деректер тек теңгемен көрсетіледі.

Шетел валютасында жасалған биржадан тыс мәміле туралы ақпарат берілген жағдайда, тауар бағасы тіркеу күніндегі ҚҰБ ресми бағамы бойынша теңгемен айқындалады.

12. Биржада тіркеу үшін биржадан тыс мәміле бойынша мәліметтер мыналарды қамтиды:

- 1) Тауар Сатушысы мен Сатып алушысының толық атауы;
- 2) Тауар Сатушысы мен Сатып алушысының бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3) Тауар Сатушысы мен Сатып алушысының байланыс телефон нөмірлері, электрондық пошта мекен-жайы;
- 4) Тауар Сатушысы мен Сатып алушысының заңды және пошталық мекен-жайлары;
- 5) биржадан тыс мәміленің нөмірі мен жасасу күні/биржадан тыс мәміле бойынша шарттың нөмірі мен жасасу күні;
- 6) тауардың атауы;
- 7) тонна есебіндегі тауар мөлшері;
- 8) тауар бірлігінің бағасы (тонна);
- 9) биржадан тыс мәміленің жалпы сомасы;
- 10) төлем шарттары;
- 11) жеткізу базисі (Инкотермс);
- 12) тауардың сапалық/техникалық сипаттамалары.

13. Биржаның электронды сауда жүйесі автоматты режимде деректердің толық болмауы немесе дұрыс толтырылмауы жағдайында биржадан тыс мәмілені тіркеуден бас тартады.

Биржа Биржалық сауда ережелерінің 57-тармағына сәйкес биржалық тауарды сату (сатып алу) өтінімін қабылдаудан бас тартады.

Биржалық тауардың Сатушысы биржалық тауарды сату (сатып алу) өтінімін қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін жоюы тиіс.

14. Тіркелген биржадан тыс мәмілені Біржаның сауда жүйесінде хронологиялық тәртіпті сақтау мақсатында түзету мен жою рұқсат етілмейді. өзектілігінің жоғалуы, рұқсат етілмейді.

3-бөлім. Биржалық тауар Сатушысының биржадан тыс мәмілені тіркеу тәртібі мәміле

15. Биржа биржалық тауарлар спецификацияларын бекіту кезінде, Биржалық сауда ережелерінің талаптарына сәйкес тіркеуге жататын биржадан тыс мәмілелер жасалатын тауар кодтарын бір мезгілде белгілейді.

16. Биржа өзінің интернет-ресурсында биржадан тыс мәмілені тіркеу жүзеге асырылатын тауар кодтары туралы ақпаратты жариялайды.

17. Биржадан тыс мәмілелерді тіркеу Астана қаласы уақыты бойынша демалыс пен мереке күндерін қоспағанда күн сайын 10:00 – 17:00 аралығында жүргізіледі.

18. Биржадан тыс мәмілені тіркеу Биржалық тауардың Сатушысы тарапынан биржадан тыс мәміле шарттарын биржалық тауарлар спецификациясы талаптарымен алдын ала салыстырып тексеру жолымен жүзеге асырылады.

19. Биржалық тауардың Сатушысының дилер ретіндегі аккредитациясы болған кезде биржадан тыс мәмілелерді тіркеуге қол жеткізу мынадай құжаттарды ұсыну арқылы іске асырылады:

1) биржадан тыс мәмілелерді тіркеуге қол жеткізуді беру туралы өтініш, осы Регламенттің 1-қосымшасында берілген V01 нысанына сәйкес;

2) биржадан тыс мәмілелерді тіркеу үшін аналитикалық шотты тіркеу туралы өтініш, осы Регламенттің 2-қосымшасында берілген V02 нысанына сәйкес.

20. Біржаның электронды сауда жүйесінде биржадан тыс мәмілені тіркеу кезінде әрбір биржадан тыс мәмілеге Біржаның сауда жүйесі сәйкестендіру нөмірін береді.

4-бөлім. Биржадан тыс мәмілелер тізілімін жүргізу тәртібі

21. Біржамен сауда жүйесімен қалыптастырылатын биржадан тыс мәмілелердің электронды тізілімі жүргізіледі.

22. Биржадан тыс мәмілелер тізілімі мыналарды қамтиды:

- сауда жүйесі берген биржадан тыс мәміленің сәйкестендіру нөмірі;
- Біржаның сауда жүйесінде биржадан тыс мәмілені тіркеудің күні мен уақыты;

- биржадан тыс мәміле сатушысының коды;
- мәміле нысанасы болып табылатын тауардың коды мен атауы;
- тауар бірлігінің бағасы (теңгемен);
- биржадан тыс мәміленің жалпы физикалық көлемі (тонна);
- мәміле валютасы;
- биржадан тыс мәміленің жалпы сомасы;
- тауарды жеткізу күні, биржадан тыс мәміленің нөмірі мен жасасу күні;
- жеткізу шарттары мен базисі (Инкотермс);
- төлем шарттары.

5-бөлім. Биржадан тыс мәмілелер тізілімінен ақпарат беру тәртібі

23. Биржалық тауардың Сатушысының сұрауы бойынша, оның Биржада дилер ретіндегі аккредитациясы болған кезде не Биржада брокер ретінде аккредитациясы болған кезде, Биржа Биржалық тауардың Сатушысына оның биржадан тыс мәмілелеріне қатысты тізілімнен ақпарат береді.

24. Биржалық мәмілелер бөлінісіндегі биржадан тыс мәмілелер тізілімінің деректері биржадан тыс мәмілелер тараптарының коммерциялық құпиясы болып танылады.

6-бөлім. Биржадан тыс индикаторларды есептеу, шарттары мен тәртібі және Биржаның ресми ресурсында жариялауы

25. Биржа есепті сауда айынан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде екі түрлі биржадан тыс индикаторды есептейді:

- тиісті сауда құралының коды бойынша биржадан тыс индикаторлар;
- жекелеген жеткізу базистері бөлінісінде есептелетін биржадан тыс мәмілелердің жиынтық индикаторлары.

26. Биржадан тыс индикаторлар тіркелетін биржалық тауарлар нарығы биржалық индикаторларының құрылымына сәйкес келеді.

Биржадан тыс индикатор тиісті биржалық тауар нарығында ағымдағы жасалатын биржадан тыс мәмілелердің орта арифметикалық мәні деңгейінде есептеледі.

27. Биржа есептелген биржадан тыс индикаторларды сауда құралдары бөлінісінде өткен әрбір тіркеу айы үшін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

28. Жеткізу базисінде есептелетін биржадан тыс индикаторлар Биржамен өзінің интернет-ресурсында жеке тізімде жарияланады.

7-бөлім. Қорытынды ережелер

29. Осы Регламентпен реттелмеген мәселелер Биржалық сауда ережелерінің және Биржаның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес шешіледі.

«Еуразиялы
қ Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ-да биржалық тауарлармен
жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу регламентіне 1-қосымша

V01 нысаны

Өтініш және оған қоса берілетін құжаттар ұйым бланкісінде
басшының мәрімен расталған қолымен ұсынылады.

«Еуразиялық Сауда Жүйесі»
тауарлық биржасы» АҚ

""20ж. _____

Өтініш
биржадан тыс мәмілелерді тіркеуге қол жеткізуді беру туралы

[ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып

ұйымның толық атауы,

Биржаның [Секция атауы] Секциясының Мүшесі болып табылатын
биржадан тыс мәмілелерді тіркеу үшін Сауда жүйесіне қол жеткізуді
беруді сұрайды

1)

2)

Қолы (.....)

ЛауазымыМ. О.

«Еуразиялы
қ Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ-да биржалық тауарлармен
жасалған биржадан тыс мәмілелерді тіркеу регламентіне 2-қосымша
биржалық тауарлармен жасалған биржадан тыс мәмілелер

V02
**нысаны «Еуразиялық
Сауда Жүйесі» тауарлық
биржасы» АҚ-ға**

ӨТІНІШ

**биржадан тыс мәмілелерді тіркеу үшін аналитикалық шотты
тіркеу туралы:**

Атауы (брокер/дилер):	
Сауда қатысушысының коды (брокер/дилер)	

Аналитикалық шоттарды ашуды, тіркеуді сұраймын:

1 тарапы биржалық мәміле – қос кездестіру аукционы режиміндегі сауда қатысушысы			
Компания атауы			
Компанияның БСН			
Компанияның сауда шотының коды, қос кездестіру аукционы режиміндегі мәмілелер үшін ЕСЖ Клирингтік орталығында тіркелген	<input style="width: 100%; height: 20px;" type="text"/> <i>тіркелген сауда шот кодын көрсету</i>		
биржадан тыс мәмілелерді тіркеу үшін Биржаның сауда жүйесіндегі компанияның аналитикалық шот коды	<input style="width: 100%; height: 20px;" type="text"/> <i>аналитикалық шот кодын көрсету (биржадан тыс мәмілені тіркеу үшін)</i>		
2 тарапы биржалық мәміле			
№	Аналитикалық шот коды (шот кодын көрсету)	Компанияның БСН	Компанияның атауы
1			
2			
3			
4			
5			
6			

Т.А.Ә., қолы, мөр

Орындаушы:

Т.А.Ә., телефон

«Еуразиялық Сауда Жүйесі» тауарлық биржасы» АҚ толтырады:

Алды _____ «../../20»

Т.А.Ә., қолы